



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 740 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1007 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 740 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы «төтенше резервінен» деген сөздерден кейін «айырбастау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орташа өлшемді бағамы бойынша АҚШ долларымен» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты: «Алушы банк: National Bank of Tajikistan, SWIFT: NATJTJ22; Корреспондент банк: Kazkommertsbank Alma-Ata ААҚ, Kazakhstan SWIFT: KZKOKZKX, кор/ш KZ439260001000122004 (USD)», алушы: «Тәжікстан Республикасы Қаржы министрлігі, е/ш 22696840500055» арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз етсін.»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*